



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

23.06.2017ж.  
Қостанай қаласы

№ 329  
город Костанай

**Банкроттық басқарушыны  
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 16 маусымдағы «Победа-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Буркит Макенович Ескендиров кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Победа-2010» ЖШС-ның мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Б.М. Ескендиров үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев